

"Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Талғар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 31 шілдедегі № 07-1084 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылды 10 қыркүйекте № 3397 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 05 қыркүйектегі № 09-591 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Талғар ауданы әкімдігінің 05.09.2016 № 09-591 қаулысымен.

"Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Талғар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы Тюлеева Зияда Шеримбаевнага осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және аудан әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қыдырбек-ұлы Дарменияр Алғатбекұлына жүктелсін.
4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

P. Садыкова

Талғар ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 31 шілдедегі № 07-1084 қаулысымен бекітілген қосымша

"Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) білім саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомстволары жоқ.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Бөлімнің егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды

8. Бөлім құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 041600 Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, Конаев даңғылы, № 65.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Бөлім құрылтай құжаты болып табылады.

12. Бөлім қызметін қаржыландыру респубикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

13. Бөлім кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлім функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер респубикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Бөлімнің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Бөлімнің миссиясы: білім беру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру

15. Міндеттері:

- 1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 2) педагог қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;
- 3) мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алуына арнайы жағдайлар жасау;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндеттерді жүзеге асыру

16. Функциялары:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді ұсынуды қамтамасыз ету;
- 2) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастыру;
- 3) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алууды, оларды орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастыру;
- 4) мемлекеттік білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен құру, қайта ұйымдастыру және тарату бойынша ұсыныс енгізу;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асыру;
- 6) мектепалды даярлықтың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алууды және жеткізуді ұйымдастыру;
- 7) аудандық әдістемелік кабинеттердің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз ету;
- 8) балаларға қосымша білім беруді қамтамасыз ету;
- 9) аудан ауқымында жалпы білім беретін пәндер бойынша мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ету;
- 10) мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаржат жүмсау;
- 11) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру;

- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекеленген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастыру;
- 13) білім беру ұйымдарында оқу бітірген адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу;
- 14) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына және отбасыларына қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсету;
- 15) білім беру мониторингін жүзеге асыру;
- 16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру ұйымдарының білім туралы мемлекеттік ұлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс беруін және солармен қамтамасыз етілуін ұйымдастыру;
- 17) мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілуін жүзеге асыру;
- 18) білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің әдістемелік басшылығын қамтамасыз ету;
- 19) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру;
- 20) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.
17. Құқықтары мен міндеттері:
- 1) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан өз қызметіне қажетті ақпаратты сұрату және алу;
- 2) өз құзыреті шегінде мәдениет саласындағы коммуналдық меншікті басқаруды жүзеге асыру;
- 3) Бөлімнің құзыретіне жататын аудан әкімінің, әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу;
- 4) Бөлімнің мұдделерін барлық құзыретті, мемлекеттік, әкімшілік органдарда, мекемелерде, ұйымдарда, сондай-ақ сот және құқық қорғау органдарында білдіру ;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шегінде басқа да құқықтарды және міндеттерді жүзеге асыру.

3. Бөлім қызметін ұйымдастыру

18. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.
19. Бөлімнің бірінші басшысын Талғар ауданының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. Бөлімнің бірінші басшысының орынбасарлары жоқ.
21. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:
 - 1) Бөлім қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін өз құзыretі шегінде анықтайды;
 - 2) Бөлімнің қызметкерлерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметке тағайындаиды және босатады;
 - 3) Бөлімнің қызметкерлерін заңнамада белгіленген тәртіппен ынталандырады және тәртіптік жазалар қолданады;
 - 4) өз құзыretі шегінде Бөлімнің қызметкерлері, Бөлімнің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің директорлары орындауға міндетті бүйрықтар, нұсқаулықтар шығарады;
 - 5) Бөлімде сыйайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді, сол үшін жеке жауапкершілік алуды белгілейді;
 - 6) мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда өз құзыretі шегінде Бөлімнің мұддесін білдіреді;
 - 7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

4. Бөлімнің мүлкі

22. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.
24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шыгаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату

25. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бөлімнің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі:

 - 1) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің "И. Ф. Халипов атындағы № 1 мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар жалпы білім беретін орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

2) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Сәкен Сейфуллин атындағы № 2 мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар жалпы білім беретін орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

3) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Абай атындағы № 3 мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар жалпы білім беретін орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

4) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 4 жалпы білім беретін орта мектеп-лицеі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

5) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "М. Ауезов атындағы № 5 жалпы білім беретін мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

6) "Жамбыл Жабаев атындағы мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 6 жалпы білім беретін орта мектебі" Мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

7) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 7 жалпы білім беретін шағын орталығы бар лицей орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі ;

8) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Т. Рысқұлов атындағы № 9 мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар жалпы білім беретін орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

9) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 10 жалпы білім беретін орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

10) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 11 жалпы білім беретін орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

11) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 12 жалпы білім беретін орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

12) Талғар ауданы әкімдігінің Талғар ауданының "Білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 13 жалпы білім беретін орта мектеп" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

13) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 14 мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар жалпы білім беретін орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

мекемесінің "Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 30 жалпы білім беретін орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

28) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің "Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 31 жалпы білім беретін орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

29) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 32 жалпы білім беретін мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

30) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 33 жалпы білім беретін мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

31) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "К. Әбдіғұлов атындағы мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 34 жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

32) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 35 жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

33) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 36 жалпы білім беретін орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

34) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ілияс Жансүгіров атындағы мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 37 жалпы білім беретін орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

35) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 38 жалпы білім беретін орта мектеп" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

36) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 39 жалпы білім беретін негізгі мектеп" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

37) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "№ 40 жалпы білім беретін бастауыш мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

38) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 41 жалпы білім беретін бастауыш мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

39) Талғар ауданы Әкімдігінің Талғар ауданының "Білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 42

жалпы білім беретін орта мектеп" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

40) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің № 44 мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар жалпы білім беретін негізгі мектеп" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

41) Талғар ауданы әкімдігінің Талғар ауданының "Білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар № 45 жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

42) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің № 49 мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар жалпы білім беретін орта мектебі" мемлекеттік коммуналдық мекемесі;

43) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" Мемлекеттік Мекемесінің № 2 "Бөбек" балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

44) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің № 3 балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

45) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің № 4 Ветерок балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

46) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" Мемлекеттік мекемесінің "Санаторлық № 5 "Айналайын" балабақшасы" Мемлекеттік Коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

47) Алматы облысы "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің № 7 Айгөлек бөбекжай-балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

48) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" Мемлекеттік Мекемесінің № 8 балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

49) Талғар ауданы Әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Панфилов мектеп аралық оқу-өндірістік комбинаты" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

50) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Талғар қаласындағы мектепаралық оқу-өндірістік комбинаты" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

51) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Оқушылар шығармашылық үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

52) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Панфилов ауылындағы музыка мектебі" мемлекеттік коммуналдық

қазыналық кәсіпорыны;

53) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Талғар қалалық балалар музыка мектебі"

мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

54) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Талғар қаласындағы облыстық жас натуралистер станциясы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

55) Талғар ауданы әкімдігінің "Талғар ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Алатау кентіндегі облыстық жас техниктер станциясы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК